

1 2007  
80 к

# Әдібай Табылды

ТАҢДАМАЛЫ  
ШЫҒАРМАЛАРЫ

3





08  
KPII



# Әдібай Табылды


Аңыз жаңағасы „Жазықбай“ үй-шығармашылық  
мәдениеттің мемлекеттік мекемесінің 2006 жыл  
шығармалары

3

## Көңілді балалар

КУАНЫШ

БАЛАЛОР ДЕБИЕТІ



Балалор  
ДЕБИЕТІ  
Алматы 2006

ББК 84 (Қаз-7)

Т12

*Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

Табылды Ә.

Т12 Таңдамалы шығармалары:

Т.3 Көңілді балалар. –Алматы:

“Балалар әдебиеті” баспасы. –2006. –272 бет.

ISBN 9965-650-44-6

Т 4803250201  
00 (05)-06

ББК 84 (Қаз-7)

ISBN 9965-650-44-6 (Т.3)

9965-650-33-0

© Табылды Ә., 2006

© “Балалар әдебиеті” баспасы, 2006

## ҚУАНЫШ

ҚАТЫСУШЫЛАР:

**А с а н - 4-сынып оқушысы**

**Ф а н и - оның інісі, 2-сынып оқушысы**

**З а д а - олардың мамасы**

(Перде ашылғанда, балалар бөлмесін жинап, есік сүртіп тұрган Асан, еден сыпырып жүрген Фани көрінеді.)

**Ф а н и.** Асан, мен еден сыпырып болдым.

**А с а н.** Жақсы, Фани. Бар енді, беті-қолыңды жуып кел.

**Ф а н и.** Мақұл! (Ол кетеді.)

**А с а н.** (есіктің жақтауларын сүртіп, ыңылданап әндетеді).

Біз – қайратты жас ұлан,

Еңбек сүйген жасынан!..

Фани кіріп келеді. Ол апыл-ғұптың бетін сүртіп тұр.

**А с а н.** Немене, мысықша бет сипау ма?

**Ф а н и.** Мен мысық емеспін... Жудым ғой бетімді...

**А с а н.** (тексерे қарап). *Бар, тырнағыңды ал...* *Бар...*

**Ф а н и.** Барсан, бар!.. Бұйырмай-ақ, айтуға болмай ма? (*Fani бүрттыңдан шығып кетеді. Асан тагы әндемеді.*)

**А с а н.** (*әндемін*). Біз – Отанның ұланымыз,

Халқымыздың қыранымыз!

Фани алақанын жайып, кіріп келеді.

**Ф а н и.** Міне, тырнағымды алдым, қолым таза, көрші!

**А с а н.** (*тәнптіштей қарап*). Кел, енді сабаққа дайындаламыз.

(*Екеуі жазу столына келіп отырып, сабаққа дайындала бастайды.*)

**Ф а н и.** (*дауыстап оқып*). Ерте тұрып, елең етті, Орман жаққа орғып кетті.

Ол қандай аң?

– Қорқақ қоян!

**А с а н.** (*кейін*). Фани, мен де сабаққа дайындалып отырмын ғой... Кедергі жасама, ішінен оқы, білдің бе?

**Ф а н и.** Мен іштей оқи алмаймын. (*Дауыстап оқи бастайды.*)

Еңбек десе ерінеді,

Ерінбесе...

**А с а н** (*ол да дауыстап*). Көбейткіштердің орнын ауыстырғанмен көбейтінді өзгермейді.

**Ф а н и.** Асан! Дауыстама! Миым ашып кетті.

**А с а н.** Саған мен не дедім?

**Ф а н и.** Маған сабақ оқу керек. (*Дауыстап.*)

...Іске марғау

Ол кім?

– **Жалқау!**

**А с а н.** (*орнынан тұрып, Fанига кіжсінеді*). Сен неге тәртіп сақтамайсың, а? (*Fанига төнеді.*) Мойныңды...

**Ф а н и.** (*айгай салып*). Ма-ма-ау!

Төргі бөлмеден Зада келеді.

**З а д а.** Не болды, Фанижан?

**Ф а н и.** Қой деңізші, Асанға. Бұл менің “мойнымды жүлүп алам” дейді.

**А с а н.** Өтірікті соқпа. Мен саған ондай сөз айтқан жоқпын.

**З а д а.** Бір-біріңе өре тұрып, ерегеспендер.

**А с а н.** Мама, айтыңызшы осы, Фани үлкен бе, жок мен үлкенмін бе?

**З а д а.** Эрине, сен үлкенсін.

**Ф а н и.** Үлкен болса, жөндеп болсын... Маған дікіндей береді өзі, мама! (*Жылап жібереді*.)

**А с а н.** Көрдіңіз бе? Бір сөзге келмей, көзіне жас алады. Егер бұл кіші болса, менің тілімді алатын болсын. Эйтпесе сыбағасын беремін!

**Ф а н и.** (*өзінен-өзі айгай салып*). Ма-ма-ау!

**З а д а.** О не, шырағым-ау?!

**Ф а н и.** Асан маған тиісіп жатыр.

**А с а н.** Тәртіп бұзған бала жазалануға тиіс.

**З а д а.** Кәне, екеуің де менің айтқанымды істеңдер, бір-біріңе кедергі жасамай, сабактарыңды орындаңдар.

**Ф а н и.** Мақұл. (*Өзінше сабак оқиды*.)

**А с а н.** Мен мамамның айтқан сөзін тыңдаймын. (*Өз бетінше есеп шығарады*.)

**З а д а.** Міне, осылай тату болсандар, істерің алға басады. (*Кетеді. Пауза*.)

**Ф а н и** (*кубірлеп*). Асан, мен мынау өлеңді жаттап алдым.

**А с а н** (*қуанып*). Фани, мен мынау қыын есепті тез шығарып қойдым. (*Екеуі қуанып құшақтасады*.)

**Ф а н и.** Ура! (*Зада кіріп келеді*.)

**З а д а.** Бұл не қуаныш?!

**А с а н.** Мама, бүгін сабактан “бес” аламыз.

**Ғ а н и м е н А с а н.** “Бес” аламыз.

Анасы күліп тұрады, екі бала құшақтасып, билей жөнеледі.

## ІС КЕРЕК

### ҚАТЫСУШЫЛАР:

**Асан - топбасшы**

**Асхат - көмекші**

**Арман - оқушы**

*Сынып бөлмесі. Арман класта сурет салып, мәз болып отырады. Асхат келеді.*

**А с х а т.** Сәлем, Арман!

**А р м а н.** Аман ба, жолдас топбасшы!

**А с х а т.** Мен саған қабырға газетін тез арада безендіру керек деп едім... Мынауың не? Босқа уақытынды өткізіп отырсын... Бұл дұрыс емес!

**А р м а н.** Қабырға газетін безендіремін, сынып мүйісін жасаймын, альбомын шығарамын... үлгеремін...

**А с х а т.** Уақыт деген қымбат, сен оны біліп қой. Қымбат уақытынды арзан іске қор қылма...

**А р м а н.** Мен әрбір минутымды пайдалы өткіземін. Қоркем-өнерпаздар үйірмесін басқаруға да уақытым жетеді.

**А с х а т.** Түбінде сенен Репин, Айвазовский шықпаса да, өзіміздің атамыз Қастеев сияқты халық суретшісі боларсын.

Асыға басып Асан келеді.

**А с а н.** Эу, достар, сәлем! Эу, ойларында не бар осы, ә?  
Жоспарланған іс қайда?

**А с х а т.** Міне, Арманның отырысы – мынау. Класс мүйісін тез безендір деп зар қақсадым. Бұл менің орнымда болса ғой... Міндегі істі уақтысында орындау керек!

**А р м а н.** Құп болады! Бәрін де үлгеремін. (*Орнынан атып тұрып салют береді.*)

**А с а н.** Оқушы жолдастар! “Құп болады”, “мақұл” деп айту оңай, ал іс жоспарын орындау жөнінде ойларында не бар, а?

**А с х а т.** Айттым ғой топбасшы “сөгеді” деп. Арман, сен осы тапсырманы дер кезінде неге орында майсың, ә? “Мақұл” деп алып... Сен менің орнымда болсаң ғой... Ашууланар едің.

**А с а н.** Асхат, сенің бұйыра сөйлегенің маған ұнамай тұр... Сен әуелі өз міндегінді жауапкершілікпен атқаруың керек емес пе?

**А с х а т.** Айттым ғой... Арман, саған класс мүйісін безендір, альбом шығар дедім. Ағай тапсырган көрнекті құралдарды да тез арада жаса дедім ғой... дедім. Әуескөй суретшілерді үйымдастыр дедім бе? Дедім...

**А р м а н.** Құп болады! Мен бәрін де орында мыйын, оған қам жемендер. Міне, сойлеп отырып-ақ, Асхаттың бейнесін салып қойдым. (*Салған суретін көрсетін.*) Мұндайды “достық әзіл” дейді.

**А с х а т.** Бұл – достық емес! Бұл масқаралау! Адамды келемеждеуге бола ма? Менің орнымда сен болсаң ғой, тәбелесер едің.

**А с а н** (*суретті алып көріп*). Мына достық әзіл жақсы салынған! Шынында, Асхат сөзге - шебер, іске - олақ, мұның тілі ұзын екені рас!

**А с х а т.** Мен... мен... мен! Мұндай “сынға” төзбеймін! “Достық” деп сын көрсеткенше, бастық деп сый көрсетпейсің бе, Арман!

**А р м а н.** Бұл – жай достық өзіл ғой! Ал, әлгі тапсырмаларынды кезінде орындауға сөз беремін! Әкел қолынды! (*Ол Асхаттың қолын қысады да, сурет салуга отырады.*)

**А с х а т.** Жақсы! (*Кетуге ыңғайланаңды, оны Асан тоқтатады.*)

**А с а н.** Асхат, тоқтай түр! “Жақсы” дейсің несі жақсы? Меніңше, онша жақсы емес. Іс жоспарын орындау саған байланысты... Ойында не бар осы, ә?

**А с х а т.** Арман тапсырмаларды орындаитын болды ғой... Енді... Мен болсам ғой... бастықпын!

**А с а н.** “Бастықтың” өз міндеттері бар емес пе? Жоспар бойынша, бүгін класта әдеп сабағын өткізуің керек.

**А с х а т.** Ол жұмысты мана Арманға тапсырғамын...

**А р м а н** (*атып тұрып*). Құп болады!

**А с х а т.** Арман көркем шығармаларды көп оқып жүр...

**А р м а н** (*тәғи* да орнынан *атып тұрып*). Құп болады!

**А с а н.** Немене “құп болады”?

**А с х а т.** Бұл бәрін біледі. Бұл - біздің кластың мақтанышы!

**А с а н.** Асхат, мынауың оқушылық құлыққа жатпайды.

**А с х а т.** Арманның қолынан бәрі келеді... Әрі суретші, әрі әдебиетші... әрі... әрі...

**А с а н.** Бір ғана Арманның мойнына барлық міндетті арта берген жақсы ма?

**А с х а т.** Біздің класта Арманнан артылатын жұмыс жоқ. Солай ма, Арман? Сен тапсырмаларды орындаисың ғой?

**А р м а н.** Құп болады!

**А с а н.** “Құп” болмайды! Арман. Сен тапсырылған істі орындаі алатындаі өз мүмкіндіктеріңе қара. Асхат, сен бүгін класс алдында әдеп сабағын өзің өткіз.

**А с х а т.** А, солай ма? Шынында, солай екен-ау, о?

**А р м а н.** Мен класс тапсырса, бәрін де... не жұмыс болса да орындаімын, сурет салу қолымнан келеді...

**А с а н.** Арман, нағыз оқушысың! Бірақ “мен” деген сөзді айта бермей, “біз” деп бірлесіп, көппен бірге жұмыс істеу керек.

**А р м а н.** Жолдас топбасшы, біз бәрін де істейміз: класты безендіреміз, альбом шығарамыз, класс мүйісін ілеміз... Біз... біз...

**А с х а т.** Біз бар ғой... Біз... біз...

**А с а н.** Кәне, іске кірсейік, жолдастар! Бізге бос сөз емес, нақты іс керек.

## ТЕКЕ ТРЕС

### ҚАТЫСУШЫЛАР:

**Бастауши**

**Ерлан - 3-сынып оқушысы**

**Нұрлан- 4-сынып оқушысы**

*Балалар бөлмесі. Радио арқылы бастаушиның сөзі естіледі.*

**Б а с т а у ш ы** (радио үні). Ағайынды Ерлан мен Нұрлан бір нәрсе жөнінде пікір таластырса, ешқашанда ортақ келісімге келіп көрген емес. (*Бөлмеге келісе алмай даурыққан Ерлан мен Нұрлан кіреді.*)

**Н ұ р л а н.** Күннің үясы бар дегенің дұрыс емес, күн жерді, жоқ жер күнді айналып тұрады...

**Е р л а н.** Ол жағын білем. Күн ертемен ұясынан шығады, кешке ұясына батады.

**Н ұ р л а н.** Оны сен қай киіз кітабынан оқыдың?

**Е р л а н.** Кітапты “киіз” деп қорлама. Әжем айтқан. Кітапқа жазылғандай бұл – әжемнің сөзі.

**Н ұ р л а н.** Әжем сауатсыз емес, сөйтіп те айта бере ме екен?

**Е р л а н.** Күн ұясынан шығады деп халық айтады. Сен халықтан білімдісің бе?

**Н ұ р л а н.** Ол дұрыс емес. Жер өзінің білігінен өзі айналып тұрады.

**Е р л а н.** Ау, білігің не? Жерді білігі бар арба дейсің бе? Қалай-қалай соғасың, ә??!

**Н ұ р л а н.** Сен түсін. Жердің осі бар, оны қазақша кіндігі дейді.

**Е р л а н.** Түсінігің болса, кіндіктен айналу оңай емес, білдің бе? Ал кіндігінен айналып көрші, күшті болсан...

**Н ұ р л а н.** Сен оқымаған соң, ойланбай соғып тұрсың, бізге Ахмет ағай тәжірибе жасап көрсеткен, түсініп қой.

**Е р л а н.** Білемін. Ол тұрмақ, поляр жарқылы туралы да білемін.

**Н ұ р л а н.** Білсең айтшы поляр жарқылы деген не?

**Е р л а н.** Поляр жарқылы дегеніміз – күн сөулесінің үздіктері білдің бе?

**Н ұ р л а н.** Ха-ха-ха! Түк білмейсің десем ғой, намыстанып жарылып кете жаздайсың...

**Е р л а н.** Немене, білмейтіні бар? Қайта мен ойды қысқаша тұжырымдап, ғылымға бір жаңалық сөз қосып тұрмын, білдің бе?

**Н ұ р л а н.** “Білген адам білдім демес, білдім десе, білгені емес”, - дейді атам.

**Е р л а н.** “Білген – маржан, білгенінді жасырма” деген өжем.

**Н ү р л а н.** Сен білем деме, білуғе талаптан. Ал, енді “күннің ұясы бар” деген сөзінді менен басқа ешкім естімесін.

**Е р л а н.** Бәлі... Ол сөзді екінің бірі айтады. Өзің білгішсінбе... Сен өуелі торғайдың қанша түрі бар екенін де білмейсін.

**Н ү р л а н.** Ал, білсең айта ғой...

**Е р л а н.** Бозторғай, қараторғай, сұрторғай, иә... әлгі... шырша торғай... әлгі... шырша торғай...

**Н ү р л а н.** Басқасын қайдам, шырша деген ағаш болады, ал “шырша торғай” болады деген сөзді естіsem, құлағым керен болсын.

**Е р л а н.** Әлгі Мәсбек ағай да саған ұқсап, “шырша торғай болмайды” деп, болмаған соң, кітаптан оқып, суретін көзіне көрсеткем, білдің бе?

**Н ү р л а н.** Кім айтса да мына сөз – бекер.

**Е р л а н.** Шындыққа сенбейді екенсің. Шындыққа сенбейтін адамды кім дейді, білесің бе?

**Н ү р л а н.** Кім дейді?

**Е р л а н.** “Дүләк” дейді.

**Н ү р л а н.** Мен саған көрсетемін “дүләкті”... Тұған ағана да сондай сөз айтсан... өзің “дүләк” болмасан... ә?

**Е р л а н.** Жарайды... айтпайын... Ал, күннің ұясы бар екені рас. Міне, басым.

**Н ү р л а н.** Өйтіп ұсынба басынды. Сенің басын қақпаға салатын футбол добы емес.

**Е р л а н.** Ендеңе, айтқан сөзіме сен, білдің бе?

**Н ү р л а н.** Мен ғылымға сенемін. Құрғақ сөзге сенбеймін.

**Е р л а н.** Мен құрғақ сөз айтпаймын... (*Қатуланып.*) Мен шындық үшін шырылдаپ тұрмын.

**Нұрлан (ашуланып).** Мен өтірік үшін өршеленіп тұрмын.

**Ерлан. Э!**

**Нұрлан. Э!**

Екеі тұмсықтарын түйістіріп, теке тірес жасап, біраз ерегеседі.

**Нұрлан.** Эй, Ерлантай. Қой... Осы екеуіміздің біреуіміз жеңілсек қайтеді... ә?

**Ерлан.** Жеңілсек, өзің жеңіл.

**Нұрлан.** Екеуімізді де білім жеңеді ғой...

**Ерлан.** Бәрібір... Мен жеңілмеймін, білдің бе?

**Нұрлан.** Ерлан, кәне былай болсын: екеуіміз де күн жүйесі туралы кітаптан оқып алайық, содан соң, сөйлесерміз.

**Ерлан.** Міне. Мұның – дұрыс.

**Нұрлан.** Жүр, онда кітапханаға кеттік.

**Ерлан.** Кеттік. (*Екеуі қол ұстаса, күлісіп шығып кетеді.*)

## НАМЫС

### ҚАТЫСУШЫЛАР:

**2 - сынып оқушылары**

**Фани**

**Қайрат**

**Есен**

*Класс бөлмесі. Фани класста сабагын оқып отыр.*

**Фани.** (мәнерлен, жатқа айтып).

“Кел, балалар оқылық!

Оқығанды қөнілге  
Ықыласпен тоқылық!”

*Еріне басып, Есен келеді.*

**Е с е н.** Фани, сен тіпті, жаттап қойғансың ба өлеңді?

**Ф а н и.** Әрине... Сен жаттадың ба?

**Е с е н.** Мен жаттаған жоқпын, “қаттап” қойдым.

**Ф а н и.** “Қаттағаның” қалай?.. Ол не деген сөзін?

**Е с е н.** Яғни, кітапты оқымай, қаттап жиып қойдым.

**Ф а н и.** Немене, оқуға болмады ма? Неге оқымадың?

**Е с е н.** Ей, дос. Қалай оқысың? Кешке дейін доп қуып, одан қала берсе, асық ойнадым. Ал, кешінде, өзің білесін, телевизорда қызықты хабарлар болды...

**Ф а н и.** Солардың бәрінен де оқу қымбат емес пе? Оқуға уақыт белгілемейсің бе?

**Е с е н.** Қойшы-ей, оқу-оқу деп, миды ашыта бермей...

**Ф а н и.** Ертең сабактан үлгермей, класта қалып қойсан, ұят емес пе?

**Е с е н.** Ептең-септеп “ұш” алсам, сол да жетеді.

**Ф а н и.** Егер сабаққа дайындалмасан, қалайша “ұш” аласың

**Е с е н.** Сен түрғанда мен класта екінші жылға қалмаймын.

**Ф а н и.** Қалай?

**Е с е н.** Сен доссың, достық көмек бересің.

**Ф а н и.** Әрине, көмек беремін. Бірақ өзің де...

**Е с е н.** Ауызша сабақта сыйырлайсың, жазбашадан көшіртесің, сурет салып бересің. Кәне, есебінді шығардың ба? Берші, мен көшіріп алайын.

**Ф а н и.** Олай ету ұят емес пе?

**Е с е н.** Фани дос, сен ұят-сұятты қой, одан да маған дос адамша көмек көрсет. Кәне, әкел...

**Ф а н и.** Сыбыр мен көшіруге дағдыланып білімсіз қаларсың.

**Е с е н.** Кластан класқа көшсем болды да, мені бір академик болады деп жүрсің бе? Давай. (*Ол Фанига төніп, оның сәмкесіне қол салады.*)

**Ф а н и.** Тарт қолыңды! Есепті өзің шығарып үйрен.

**Е с е н.** Сен өз қара басыңды ойлама. Бер, кәне!

**Ф а н и.** Есен сен достықты түсін.

**Е с е н.** Әне, атаман келеді. Оған айтсам...

**Ф а н и.** Атаманың кім?

**Е с е н.** Кәдімгі боксер – Қайрат.

**Ф а н и.** Есен, бір класта екі жыл отырған сол маубасындан мен қорқады деп ойлайсың ба?

Балуандарша асықпай басып Қайрат келеді.

**Е с е н.** Қайрат, мынау саған тіл тигізіп тұр.

**Қ а й р а т.** Иә! Фани дос, сен не деп көкілдің? Соны айтышы...

**Е с е н.** Бұл маған көшіріп алуға есебін бермей тұр.

**Қ а й р а т.** Ей, сен нағыз өзімшіл екенсің. Бер, кәне!

**Е с е н.** Мен саған айттым ғой, Фани. Дос болғың келсе, көмектес.

**Ф а н и.** Көшіруге беру – достық емес.

**Қ а й р а т.** Ей, Есен “екі” алса саған мүйіз шыға ма?

**Е с е н.** Рас-ая... Достықты білу керек...

**Ф а н и.** Мен еңбек етпеген жалқауға есеп бермеймін.

**Қ а й р а т.** Бересің. Бермесен, көресің...

**Е с е н.** Рас-ая... Көресің... иә...

**Ф а н и.** Ар, намыс жоқ екен сендерде.

**Е с е н.** Намыс деген не?

**Қ а й р а т.** Ар, намысың өзіңе. Әкел, кәне, есебіңді!

**Ф а н и.** Намыс сендерге де керек болады.

**Қ а й р а т.** Кәне, бер есеп дәптерінді.

**Ф а н и.** Бермеймін!

**Е с е н.** Көрдің бе, Қайрат, қалай шыдап тұрсың?

**Қ а й р а т.** Мен саған көрсетемін “бермегенді”. Кел бокске! (*Ол Фаниды бокстан ұрмақшы болады, Есен екеуін өшіктіріп түрдү, одан бұрын Фани тез қымылдан бір үрганнан Қайратты нокаутқа түсірді. Фани ол жығылганда нокауттан тұру шартын талап етеді.*)

**Ф а н и.** Қане, тұр. Бір-екі-үш-төрт-бес... (*Қайрат орынан сүйретіле әрең тұрады.*)

**Қ а й р а т.** Тфу! Мен... Мен көрсетемін саған! (*Кетеді.*)

**Е с е н (сасып).** Жарайды... Ме-ме-мен өзім-ақ есепті нетіп шығарармын... (*Жылжып кетпек болады.*) Жақсы... кетейін...

**Ф а н и.** Тоқта! Саған не керек? Білесің бе?

**Е с е н.** Не, не! Не ке-ке-керек. Керек емес...

**Ф а н и.** Саған еңбек, білім, ар, намыс керек... Қайтала!

**Е с е н.** Ең-ең... еңбек, намыс... ке-ке-керек... (*Кетеді.*)

**Ф а н и (тебіреніп).** Намыс керек! (*Қоңырау согылады.*)

**Д а у ы с.** Ия... Намыс керек!

## ТУРАСЫН АЙТАТЫН БАЛА

ҚАТЫСУШЫЛАР:

**Құлдірген - ағасы**

**Балдырган - інісі**

*Балдырган бөлмеде тұр. ол Құлдіргенді шақырады.*

**Б а л д ы р ғ а н.** Құлдірген! Әй, күләкен! Кел бері. (*Құлдірген келеді.*)

**Қ ұ л д і р ғ е н.** Мен мұндаамын, көке!

**Б алдырган.** Эй, қайда жүрсің? Саған ыдыс-аякты жу деп едім ғой.

**К үлдірген.** Міне, қазір! Кір-қоқысты қуамын, аппақ шыны ыдысты айнадай қып жуамын.

**Б алдырган.** Күлдірген, ыдыс-аякты салдыратпай жу. Сындырарсың...

**К үлдірген.** Мақұл! айтқаныңызды ақтаймын, тазалықты сақтаймын.

**Б алдырган.** Эй, Күләкең – балақан! Енді еденді жу. Әне – шелек, міне – шүберек.

**К үлдірген.** Құп болады, көке! Еден кірін жоямын, жалтыратып қоямын!

**Б алдырган.** Эй, әумесер, еденге су төкпе, оны шүберекпен сүртіп жу.

**К үлдірген.** Мақұл енді. Бұрыннан айтпайсың ба, көке?!

**Б алдырган.** Эй, қырыс! Мына жерді неге сүртпегенсің?

**К үлдірген.** Қазір, көке! Енді бәрін де істеймін ғой...

**Б алдырган.** Бол! Енді анау менің аяқ киімінді шөткіле.

**К үлдірген.** Мен автомат емеспін ғой, көке. Әуелі мынаны бітірейін де.

**Б алдырган.** Эй, осы сен тілазарлықты қашан қоясың, ә?

**К үлдірген.** Мен тілазар емеспін...

**Б алдырган.** Тілазар болмасаң, анау кілемшениң шаңын шаңсорғышпен тазала. Осының бәрін де өзің біліп істей бермейсің бе?

**К үлдірген.** Мен мынаны үлгере алмай жатырмын ғой... Оны өзініз-ақ...

**Б алдырган.** О, мізбақпас! Эй, сен осы қарсыласуды қашан қоясың, ә?

**Күлдірген.** Мен мізбақпас емеспін! Мен қарсыласып тұрган жоқпын...

**Балдырган.** Эй, сенің тілалғаның осы ма? Анау терезенің шаңын сұрт.

**Күлдірген.** Макұл, көке. Мына жұмысты аяқтайын...

**Балдырган.** Эй, қырсық! Сен осы неге тілалмайсың, ә?!

**Күлдірген.** Мен тілалып тұрмын ғой, көке! Өзініз де қарап тұрмаңыз...

**Балдырган.** Эй, шалағай! Мынауың не? Бір жұмыс бітпей жатып, екінші жұмыспен шұғылданып жатқаның қалай?

**Күлдірген.** Өзініз ғой асықтырған. Сіз де қарап тұрмаңыз, нетіңіз... Екі қолыңызды бүйіріңізге таянбаңыз.

**Балдырган.** О, кесапат! Бүйірімді таянсам, несі бар?

**Күлдірген.** Атам айтқан, ол — “кесір болады”...

**Балдырган.** О, мізбақпас, қырсық!

**Күлдірген.** Әумесер, тілазар, кесір, мізбақпас дегенше, өзініз де былай нетіп, ұлгі көрсетпейсіз бе?

**Балдырган.** Ей, бәрі де сен істейтін жұмыс емес пе?

**Күлдірген.** Атам айтқан: “Қолқабыс тигізбегеннін қолы сынады”...

**Балдырган.** Не дейсің, ей, сумұрын?!

**Күлдірген.** Тұрасын айтамын, сіз айтқанды блесіз, іске келгенде шөптің басын сындырмайсыз... Судырақсыз!

**Балдырган.** Аaaa? Эй, шынында, мына сөзінді ойланатын екен. Эй, ей, бұл сөзінді атама айтып қойма. Мұны ешкім де естімесін...

**Күлдірген.** Мен кілемшениң шаңын сорғызайын, сіз өз аяқ киіміңізді шөткеленіз, мақұл ма?

**Б а л д ы р ғ а н.** Әй, мынауың дұрыс екен. Өстіп тұрасын айту керек.

Шаттық сазы. Екеуі де іске кіріседі.

## **ӘЙ, МӘЖЕН-АЙ!**

### **ҚАТЫСУШЫЛАР:**

#### **Ақәже Мәжен - 1-сынып оқушысы**

*Ұқыпты жиналған бөлме. Ақәже терезеге қарап түр, Мәженнің ойынына мәз. Футбол ойнаган балалардың дабыры.*

**А қ ә ж е** (*сүйсініп*). Айналайын, Мәжентайым! Кекілінчен айналдым, желбіреген!.. (*Көпшілікке қарап*). Әлі көрерсіндер, көкетайым космонавт болады. Ол бірінші сиыныпқа биыл түсті, енді он-он бес жылда жүлдышым ғарышқа үшады...

**М ә ж е н** (*сырттан созылыңқы айқайлап*). Әже-е!

**А қ ә ж е** (*кулімден*). А-а-ау, құлышағым!

**М ә ж е н** (*терезеден қарап*). Әже, мен құлыш емеспін ғой!

**А қ ә ж е** (*кулімден*). Күнім менің, жүлдышым!

**М ә ж е н** (*аптығып*). Ас, тамақ, тағам, ауқат...

**А қ ә ж е** (*бәйпектеп*). Қазір, айналайын, қазір! (*Ас дайындауга кіріседі.*) айналып кетейін тілінчен! (*Стол үстіне дастарқан жайып, ас дайындаиды. Қөшеде доп ойнаган көп баланың қызы дабыры естіледі. Бәрі де Мәженді мақтайды.*) “Ой, сабазым!” “Жарайсың, Мәжен!” “Мәженше ойнау керек”.

**Мәжең** (*мақтана дауыстап*). Әже-е! Біз жендік! Ура!

**Ақәже** (*терезеден қарап*). Мәжентай, тамақ өзір!

**Мәжең** (*дауыстап*). Әжетай қазір! (*Ақ әже орындыққа отырып, іс тіге бастайды, ыңылдан әндептің қояды. Сагатқа қарап, абыржы бастайды.*)

**Ақәже** (*терезеден*). Мәжен-ау, ас сұып қалды ғой, қараышыым! Келсөңші тез!..

**Мәжең** (*ентігіп*). Қазір, әже! Қазір...

**Ақәже** Мәжентай! Әй, шырағым-ау, сабағына дайындалмайсың ба? Сағат он екіге таянды!..

**Мәжең** (*дауыстап*). Әжетай! Қазір дедім ғой. Түү! Әне, допты қақладан өткізіп алдым, қап!

**Ақәже** (*кеійіспен*). Допты мезгілімен ойнау керек, жарығым! Мектепке баратын уақытың болып қалған жоқ па?

**Мәжең** (*кеійіген дауыспен*). Қап! Тағы өткізіп алдым! Әжетай-ау, қазір дедім ғой! Қазір! Қазір! Қазір!

**Ақәже** (*жекіріп*). Мәжен! Не деп түр әжен? Сағат бірге қарай ауды! Енді сабактан кешігерсің!.. (*Мәжсен сасқалақтап жүгіріп келеді*).

**Мәжең** (*аптыга сагатқа қарап*). Әже, көне, ас бар ма? (*Астан бір шөкім татып*.) Әже, менің кітабым қайда? (*Тытыршып*.) Сабаққа дайындалуым керек! “Ана тілім”! Әже, “Ана тілім”!

**Ақәже** (*куйбендең*). Міне, кітабың, сабағына жақсылап дайындал, күнім!

**Мәжең** (*кітапқа үңіліп аз отырады да, сагатқа қарап атып тұрады*). Әжетай!

**Ақәже** (*абыржып*). Ау, Мәжентай!

**Мәжең** (*сасқалақтап*). Әжетай! Мектепке баратын уақытым болып қалды! Киімім қайда? (*Ақ әже абыржып, киім іздейді*).

**Ақәже** (*кеійіспен*). Шырағым-ау, киімдерінді қайда

қойып едің? (*Киімдерді ізден, кейиді.*) Сайда саны, құмда ізі жоқ.

**М ә ж е н** (*кейін*). Мен киімді далаға тастағам жоқ, осы үйдің ішінде! (*Тыптырышып*). Сөмкем қайда? Әже, сөмкем!

**А қ ә ж े** (абыржып). Сөмке түгіл, киімдерінді де әр жерге шашып тастай беріпсің! Міне, зорға жинастырдым.

**М ә ж е н** (*еңіреп*). Е-е-е! Сөмкем қайда? (*Жылап*) А-а-а! Сөмкем қайда? (*Ойбайлап*) Ойбай, сабактан қалдым!

**А қ ә ж े** (аянышпен). Не болған, шырағым-ау? Мектепке баарarda өстіп, мінезі бұзылып, жылап енірейтінді шығарды. (*Сөмкесін тауып береді*).

**М ә ж е н** (*көзінің жасын сүртіп*). Ал енді кеттім. (*Асыга шығып кетеді*).

**А қ ә ж े** (*басын шайқап*). Тым сасқалақ боп барады. Не шара істесем екен. (*Ойланып отырып қалады*).

## БЕЛГІ

### ҚАТЫСУШЫЛАР:

**Бақыт - З сыныптың озат оқушысы**

**Санат - орташа оқитын оқушы**

*Сынып бөлмесінің бір бұрыши. Санат сабакқа дайындалып отыр.*

**С а н а т.** Қос қол – ондық сан. Бір көзді қысса – ноль, екі көзді қысса – екі ноль. Мұрын – леп белгісі, құлақ – сұрау белгісі.. (*Бақыт келеді*.)

**Б а қ ы т.** Сәлем, Санат. Ол не құлақ, мұрын деп отырғаның.

**С а н а т.** Оңаша келгенің тамаша болды, Бақыт.  
Саған айтатын сырым бар.

**Б а қ ы т.** Ол қандай сыр?

**С а н а т.** Сен маған достық көмек бер.

**Б а қ ы т.** Мен саған көмек беруге әрқашанда дайынмын!

**С а н а т.** Екеуіміз оңашада келісіп алайық. Егер мен тақтада тұрып есеп білмей қалсам, белгі бер.

**Б а қ ы т.** Қандай белгі?

**С а н а т.** Былай: бір саусағың – бір, қос қолың – он, бір көзінді қыссаң – ноль.

**Б а қ ы т.** Мынадай сүмдышты бірінші рет естіп тұрмын... Менің көзім “ноль” емес...

**С а н а т.** Сен – доссың ба? Әлде...

**Б а қ ы т.** Әрине, доспын. Дос деген “ноль” болмайды.

**С а н а т.** Дос болсаң, менің өтінішімді орында... Ал енді жазудан білмей тұрсам, оған да белгі бер.

**Б а қ ы т.** Санат... “Белгі” деген не өзі? Қойшы соны!

**С а н а т.** Ал енді, тыңдалап ал: мұрын – леп белгісі, құлақ – сұрау белгісі.

**Б а қ ы т.** Қой, Санат. Сен менің қолымды – цифр, басымды – қытр етіп масқаралама!

**С а н а т.** Бұл – масқара емес, достық көмек.

**Б а қ ы т.** Мынау – көмек емес, нағыз үят! Мен жүртқа мұрнымды, құлағымды көрсетіп, әбден масқара болмаймын.

**С а н а т.** Ал енді... әріптерді білмей тұрсам, олардың да белгісі бар. Мысалы екі саусағыңың арасына бір саусақ қойсаң – “А” болады.

**Б а қ ы т.** Ха-ха-ха! Санат-ау мұның бәрі не үшін керек.

**С а н а т.** Жақсы үлгеру үшін...